

**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫ**



**ИМАМНЫҢ ЖАМАҒАТ НАМАЗЫН
ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**



Астана, 2023

КІРІСПЕ

Аллаға шүкір, бүгінде имамдық қызметтің ауыр жауапкершілігін арқалаған дін қызметкерлері хақ дініміздің халық арасында маңызын жоғалтпай насихатталуына, қоғамда тұрақтылық пен адамгершілікті сақтауда зор үлесін қосып келеді. Имам – діни рәсімдерді атқарушы ғана емес, халыққа тура жол көрсетуші, жамағатты дұрыс бағытқа жетелеп, қоғамды рухани кемелдендіру жолындағы ағартушы тұлға. Өйткені имам сөзінің түпкі мағынасы – дұрыс жолға жетекшілік жасау, алдыңғы қатарда жүру деген ұғымды білдіреді. Ал мешіт – сүйіспеншілік пен бауырмалдықтың, игілік пен ізгіліктің, бірлік пен мейірімділіктің, барша жақсылықтың тоғысқан құтты мекені. Жамағаттың мешітке келудегі басты мақсаты – Аллаға құлшылық ету, парыз етілген үкімдерді орындау. Себебі намаз – ең маңызды әрі мағынасы мен мәні терең құлшылық. Оның ішінде Алланы мадақтау, ұлықтау, шүкір етіп, тәубеге келу әрі кешірім сұрап жәрдем тілеу, дұға ету секілді зікірлер бар.

Әрине, мешітте өтелетін құлшылықтың әсерлі болуы намазды өткізетін имамға тікелей байланысты. Имам мешітте жамағатпен өтелетін әрбір құлшылыққа жауапты.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы еліміздің барлық мешіттерінде орындалатын құлшылықтарды бірізділікке келтіру үшін, сондай-ақ ертеден қалыптасқан бабалар мектебін негізге ала отырып, арнайы құжат әзірледі.

Құжатта имамның жамағатпен оқылатын намазды өткізу тәртібі баяндалады. Атап айтқанда, азан шақыру, қамат айту, бес уақыт намаз өткізу, жұма намазы мен айт намаздарын оқу, тарауық және истисқа намаздарын атқару. Сонымен қатар намаз өткізетін имамға қатысты ережелер, намаз кезіндегі сыртқы киімі және т.б. мәселелер жан-жақты түсіндірілді.

Құжат Әбу Ханифа мәзһабының фикһ және пәтуа кітаптары, сондай-ақ білімді әрі тәжірибелі имам және ұстаздардың нұсқаулары негізінде дайындалды.

Азан және қамат айту

1. Бес уақыт намазға және жұма намазына азан шақыру және қамат айту – бекітілген сүннет. Азанды өз уақытында шақыру керек.

2. Азанды сыртқа шығып немесе мешіттің ішінде дыбыс күшейткішпен құбылаға қарап шақырады.

3. Азан шақырғанда сұқ саусағын құлағының ішіне кіргізіп, бас бармағын құлағының сырғалығына тигізеді, қалған саусақтарын ашық ұстайды.

4. Азанды асықпай, қатты әуендетіп жібермей шарифат талабына сай айтады.

5. «Хайя аләс-солаһ» дегенде оң тарапқа, «Хайя аләл-фәлах» дегенде сол тарапқа басын бұрады.

6. Таң намазда азанға екі рет «Ас-солату хайрун минан-наум» сөзін қосып айтады.

7. Азан айтылғаннан кейін азаншы мына дұғаны оқиды:

اَللّٰهُمَّ رَبِّ هَذِهِ الدَّعْوَةُ التَّامَّةُ وَالصَّلَاةُ الْقَائِمَةُ، اَتِ مُحَمَّدًا الْوَسِيْلَةَ وَالْفَضِيْلَةَ
وَالدَّرَجَةَ الْعَالِيَةَ الرَّفِيْعَةَ، وَاَبْعَثْهُ مَقَامًا مَّحْمُوْدًا الَّذِي وَعَدْتَهُ، وَاَرْزُقْنَا شِفَاعَتَهُ يَوْمَ
الْقِيَامَةِ، اِنَّكَ لَا تُخْلِفُ الْمِيْعَادَ

Мағынасы: *Уа, Алла, осы толық азанның және уақыты кірген намаздың Раббысы – Алла! Мұхаммедке дәнекерлік, артықшылық және жоғары мәртебе бер. Оны Өзің уәде еткен жоғары орынға жеткіз. Қиямет күні бізге оның шапағатын нәсіп ет. Расында, Сен уәдеңді орындайсың.*

8. Қамат та азан сияқты айтылады. Тек қана «Хайә аләл-фәлах» сөзінен кейін екі рет «Қад қаматис-солаһ» сөзін қосып айтады.

9. Азан мен қаматтың шарттары бірдей. Алайда қамат жылдамырақ айтылады. Сондай-ақ тік тұрып, екі қолын жанына түсіріп айтады.

10. Қаматты «қамат, қамат» деген сөзді айтып бастайды.

11. Қамат айтқан кезде имам намаз өткізетін жерде отырғаны дұрыс.

12. Қаматтан кейін имам бірден намазды бастап кету керек. Жамағатқа бұрылып, «сапты түзеңдер», «араларыңды тығыз ұстандар» деген сөздермен қысқа ескертпе жасауға болады. Алайда уағыз айтып немесе хабарлама жасап, намазды кешіктіру дұрыс емес.

13. Азан мен қамат арасында біраз үзіліс болғаны дұрыс. Мысалы, таң намазының парызы күннің шығуына шамамен 40-50 минут қалғанда қамат айтылып оқылуы – мұстахап. Бұл мешітте адамдардың көбірек жиналуына мүмкіндік береді. Бесін, екінті және құптан намаздарында азан мен қамат арасы 10 минут болғаны дұрыс. Ал ақшам намазының қаматын азан шақырғаннан кейін қысқа үш аят оқитындай уақыт өткізіп айта береді.

14. Азаншы ақыл-есі дұрыс, діни сауатты, тақуа ер адам болу керек.

Екі ракағат намаз өткізу тәртібі

Имам екі ракағат намазды мынадай тәртіпте өткізеді:

1. Намаз өткізетін орнына келіп, құбыла тарапқа қарай тұрады. Қиямда екі аяғының аралығы кемінде төрт елі болады. Аяқтарының арасын себепсіз алшақ қоймағаны дұрыс.

2. Намаз оқудан бұрын ниет етеді. Жүрекпен (көңілде) ниет ету шарт. Ниетті тілмен айту – мұстахап. Мысалы, таң намазына

былай ниет етеді: «Ниет еттім екі ракағат таң намазының парызын өтемекке, жүзімді бұрдым құбылаға, осы жамағатқа имам болуға, халисән лилләһи тағала». Имамға ұйыған адам «Ұйыдым осы имамға» деген сөзді қосу керек.

3. Ниет еткен соң екі қолын құлақ тұсына көтеріп, «Аллаһу әкбар» деп тәкбір айтады. Қолын көтергенде, саусақтарын еркін ұстап, алақандарын құбылаға қаратады, бас бармақтарын құлақтарының сырғалығына тигізеді.

4. Қиямда тұрғанда оң қолын сол қолының үстінен байлап, кіндіктің астына қояды. Яғни, оң қолдың бас және шынашақ саусақтарымен сол қолдың білезігін ұстайды, ортаңғы үш саусағын білек үстіне қояды. Қиямда басы сәждеге тиетін жерге қарап тұрады.

5. Сана дұғасын оқиды, сосын ағузу мен бисмилләны айтып, Фатиха және қосымша (зам) сүре оқиды.

Сана дұғасы:

سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ وَتَبَارَكَ اسْمُكَ وَتَعَالَى جَدُّكَ وَلَا إِلَهَ غَيْرُكَ

Мағынасы: *Уа, Алла! Сен кемшілік атаулыдан пәксің (адасың). Сені мадақтаймын. Сенің есімің мүбәрак, мәртебең ұлық. Сенен басқа құдай жоқ.*

6. Сана, ағузу, бисмиллә сөздерін іштей оқиды. Фатиха мен қосымша сүре дауыстап оқылатын намаздарда дауыстап, іштей оқылатын намаздарда іштей оқылуы керек. Фатиханың соңында «әмин» сөзін іштей айтады. Фатиха мен қосымша сүре арасында бисмилләны айтпайды.

7. Таң мен бесінде – ұзын, екінті мен құптанда – орта, ақшамда – қысқа сүрелерді, сондай-ақ әуелгі ракағатқа ұзынырақ, кейінгі ракағатқа қысқалау сүрелерді оқу – мұстахап.

Құран Кәрімде Хужураттан Буружға дейін – ұзын, Бәйинәға дейін – орта, одан кейін – қысқа сүрелер болып есептеледі.

Дегенмен намазда оқылатын қосымша сүрелерді жамағаттың жағдайына қарап оқу керек.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

إِذَا صَلَّى أَحَدُكُمْ بِالنَّاسِ فَلْيُخَفِّفْ فَإِنَّ فِيهِمُ الضَّعِيفَ وَالسَّقِيمَ وَالْكَبِيرَ فَإِذَا صَلَّى
نَفْسَهُ فَلْيُطَوِّلْ مَا شَاءَ

«Адамдармен намаз оқығанда, барынша оны жеңіл оқыңдар (ұзақ оқымаңдар). Себебі олардың арасында әлсіз, ауру және жасы үлкен кісілер бар. Ал өзі жалғыз оқыған кезде қалағанынша ұзақ оқи берсін», – деген (Бұхари, Мұслим).

8. Намазда сүрелерді Құрандағы тәртіп бойынша немесе арада екі сүре қалдырып оқу – мұстахап. Арасына бір сүре қалдырып оқу немесе сүрелерді төменнен жоғары қарай оқу – мәкруһ.

9. Тәкбір айтып, рукуғқа иіледі. Онда кемінде үш рет тәсбиһ айтады. Бес рет айтқаны абзал. Рукуғта саусақтарын ашып, екі қолымен екі тізесіне таянады, тізелерін бүкпейді, басын және белін тегіс ұстайды. Рукуғта көзімен аяқтарының ұшына қарап тұрады.

Рукуғта оқылатын тәсбиһ:

سُبْحَانَ رَبِّيَ الْعَظِيمِ

Мағынасы: Ұлы Раббым бүкіл кемшілік атаулыдан пәк.

10. Рукуғтан тәсмиғ айтып тік тұрады. Жамағат «Раббәна ләкәл хамд» дейді.

Тәсмиғ:

سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ

Мағынасы: Алла (Оны) мақтаған адамның мақтауын естиді.

11. Тәкбір айтып, сәждеге барады. Сәждеде кемінде үш рет тәсбих айтады. Бес рет айтқаны абзал.

Сәждеге баратын кезде алдымен екі тізесін, сосын екі алақанын, кейін маңдайын және мұрнын қояды. Сәждеде маңдайымен бірге мұрнын да жерге тигізіп тұрады, көзімен мұрнының ұшына қарайды. Басын екі алақанының арасына қояды. Саусақтарын біріктіріп, білектерін жерден көтеріп, қабырғасына жабыстырып алмай және қарнын сандарынан қашық ұстайды. Сәждеде аяқтарының башпайлары да жерге тиіп тұрады. Қол және аяқ бармақтары құбыла тарапқа қаратылады.

Сәждеде оқылатын тәсбих:

سُبْحَانَ رَبِّيَ الْأَعْلَى

Мағынасы: *Мәртебесі биік Раббым бүкіл кемшілік атаулыдан пәк.*

12. Тәкбір айтады да, сәждеден басын көтеріп, тізерлеп отырады. Сосын тағы бір тәкбір айтып, екінші сәждеге барады және тәсбих айтады. Екі сәжде арасында бір тәсбих оқитындай уақыт отырады, ештеңе оқымайды.

13. Тәкбір айтып, екінші ракағаттың қиямына тұрады. Қиямға тұратын кезде жерге қолымен сүйенбей, аяққа күш салып тұрады. Алдымен басын, сосын қолдарын, кейін тізелерін көтереді.

14. Екінші ракағаттың қиямында сана, ағузу оқымайды. Екі қолын байлап бисмиллә, Фатиха және қосымша сүре оқиды. Одан кейін алғашқы ракағаттағы секілді рукуғ және сәжде жасайды.

15. Екінші сәждеден кейін тәкбір айтып қағдаға отырады. Отырыста сол аяғын төсеп, үстіне жамбасын қойып отырады, оң аяғының башпайларын құбылаға қаратып, оны тік ұстайды. Қолдарын сандарының үстіне қояды. Саусақтарының

ұштары тізеге жақын тұрады, бірақ тізеден аспайды. Қағдада саусақтарының ұшына қарап отырады.

16. Қағдада отырған сәтте алдымен ташаһһуд (әттәхият) оқылады. Ташаһһудты оқыған кезде сұқ саусағын көтермеген дұрыс. Себебі ханафи мәзһабында бұл тартысты мәселе болып саналады. Мысалы, «Мухитус-Сарахси» кітабында «Әшһаду ән лә иләһә илләллаһу» дегенде сұқ саусағын көтереді делінген, «Хуласа» кітабында саусағын көтермейді деген, «Муниятул мүфти» және «Табиин» кітаптарында оны мәкруһ деп есептеген («Фәтауа Һиндия», I том, 133-бет).

Ташаһһуд:

اَللّٰحَيَّاتُ لِلّٰهِ وَالصَّلٰوَاتُ وَالطَّيِّبَاتُ، اَلسَّلَامُ عَلَیْكَ اَیُّهَا النَّبِیُّ وَرَحْمَةُ اللّٰهِ وَبَرَكَاتُهُ،
اَلسَّلَامُ عَلَیْنَا وَعَلٰی عِبَادِ اللّٰهِ الصّٰلِحِیْنَ، اَشْهَدُ اَنْ لَا اِلٰهَ اِلَّا اللّٰهُ وَاشْهَدُ اَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ
وَرَسُوْلُهُ

Мағынасы: *Тіл, тән және дүние-мүлікпен атқарылатын құлшылықтың баршасы Аллаға тән. Уа, пайғамбар, саған Алланың амандығы, мейірімі және берекесі болсын! Есен-саулық бізге де, Алланың салиқалы пенделеріне де болсын. Мен Алладан басқа құдай жоқ және Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік беремін.*

17. Ташаһһудтан кейін салауат оқылады:

اَللّٰهُمَّ صَلِّ عَلٰی مُحَمَّدٍ وَعَلٰی آلِ مُحَمَّدٍ، كَمَا صَلَّيْتَ عَلٰی اِبْرَاهِيْمَ وَعَلٰی آلِ اِبْرَاهِيْمَ
اِنَّكَ حَمِيْدٌ مَّجِيْدٌ، اَللّٰهُمَّ بَارِكْ عَلٰی مُحَمَّدٍ وَعَلٰی آلِ مُحَمَّدٍ، كَمَا بَارَكْتَ عَلٰی اِبْرَاهِيْمَ وَعَلٰی
آلِ اِبْرَاهِيْمَ اِنَّكَ حَمِيْدٌ مَّجِيْدٌ

Мағынасы: *Уа, Алла! Ибраһим және оның отбасын рақым еткеніңдей, Мұхаммед және оның отбасын да рақым ет. Әрине, Сен мақтаулы әрі ұлықсың. Уа, Алла! Ибраһим және оның отбасына береке бергеніңдей, Мұхаммед және оның отбасына да береке бер. Әрине, Сен мақтаулы әрі ұлықсың.*

18. Салауат оқығаннан кейін дұға оқылады. Мысалы,

رَبَّنَا آتِنَا فِي الدُّنْيَا حَسَنَةً وَفِي الْآخِرَةِ حَسَنَةً وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ

Мағынасы: *Уа, Раббым, бізге дүниеде де, ақыретте де жақсылық бер және тозақ отынан сақта!*

Бұдан басқа Құран аяттары мен сүннетте келген дұғаларды да оқыса болады.

19. Сосын оң жаққа, кейін сол жаққа сәлем береді. Сәлем бергенде артындағы адамға беті көрінетіндей басын бұрады және иыққа қарайды. Сондай-ақ имам сәлем бергенде оң және сол жақта отырған адамдар мен періштелерді ниет етеді.

Сәлем беру:

السَّلَامُ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَةُ اللَّهِ

Мағынасы: *Сендерге Алланың амандығы және мейімі болсын.*

Екі ракағат намаз оқудың тәртібі осылай. Таң намазының екі ракағат сүннеті мен екі ракағат парызы және бесін, ақшам, құптан намаздарының екі ракағат сүннеттері де осылай орындалады. Олардың айырмашылығы ниет пен қай намаз екендігінде ғана болмақ.

Үш және төрт ракағат намазды өткізу тәртібі

1. Төрт ракағат намазда әуелгі қағдада ташаһһуд оқып, үшінші ракағатқа тұрады. Үшінші және төртінші ракағаттарды оқып, соңғы қағдада ташаһһудтан кейін салауат және дұға оқып, сәлем береді.

2. Бесін, екінті және құптан намаздарының төрт ракағат парызында әуелгі екі ракағатында Фатиха сүресінен кейін бір сүре оқиды. Соңғы екі ракағатында Фатиха сүресін ғана

оқып, руқуғқа иіледі. Төрт ракағат сүннет намаздарының әр ракағатында Фатиха сүресінен кейін қосымша сүре оқылады.

3. Үш ракағаттық намазда екінші ракағаттан соң бірінші қағдаға, үшінші ракағаттың соңында екінші қағдаға отырады.

4. Ақшам намазының үш ракағат парызының әуелгі екі ракағатында Фатиха сүресінен кейін қосымша сүре оқиды. Соңғы ракағатында Фатиха сүресін ғана оқиды.

Үтір намазының оқылу тәртібі

1. Үш ракағат үтір намазының әр ракағатында Фатиха сүресінен кейін бір сүре оқиды.

2. Үшінші ракағатта сүрелерді оқып бітірген соң руқуғқа еңкеймей тұрып, намазды бастағандағы секілді екі қолын көтеріп тәкбір айтады. Сосын екі қолын байлап, құныт дұғасын оқиды.

3. Құныт дұғасы:

اللَّهُمَّ إِنَّا نَسْتَغِيثُكَ وَنَسْتَغْفِرُكَ وَنُؤْمِنُ بِكَ وَنَتَوَكَّلُ عَلَيْكَ وَنُثْنِي عَلَيْكَ الْخَيْرَ نَشْكُرُكَ وَلَا نَكْفُرُكَ وَنَخْلَعُ وَنَتْرُكُ مَنْ يَفْجُرُكَ، اللَّهُمَّ إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَلَكَ نُصَلِّي وَنَسْجُدُ وَإِلَيْكَ نَسْعَى وَنَحْفِدُ نَرْجُو رَحْمَتَكَ وَنَخْشَى عَذَابَكَ، إِنَّ عَذَابَكَ بِالْكَافِرِ مُلْحِقٌ

Мағынасы: *Уа, Алла, біз сенен жәрдем тілейміз, күнәларымызды кешуіңді сұраймыз. Саған иман келтіреміз, тәуекел етіп, барлық ісімізді Саған тапсырамыз. Сені дәріптейміз, Саған шүкір айтамыз, қарсы келмейміз. Күнә істерді тастап, Саған бет бұрамыз. Уа, Алла, Саған ғана құлшылық етеміз, Сен үшін ғана намаз оқимыз, сәжде етеміз. Құлшылық арқылы Саған жақын болуға тырысамыз. Сенің мейіріміңді үміт етеміз, азабыңнан қорқамыз. Шынында имансыздар Сенің азабыңа ұшырайды.*

4. Құныт дұғасынан кейін рукуғ, сәжде және қағда жасап, басқа намаздар сияқты үтір намазын аяқтайды.

Қосымша мәселелер

1. Намазда көп іс-қимыл жасаудан және артық қозғалудан сақтану керек. Мысалы, сақалын сипау, денесін қасу, киімін түзеу, жан-жаққа қарау, т.б.

2. Намазды ықыласпен оқып, мейлінше қирағат, рукуғ, сәжде секілді намаздағы барлық рүкіндерді талапқа сай орындау қажет.

3. Сапарға шыққанда да сүннет намаздарын толық орындаған абзал.

4. Имам намазда тәкбір, тәсмиғ және сәлем сөздерін қимылмен бірге дауыстап созып айтқаны дұрысырақ.

5. Бесін, ақшам және құптанның парызын оқығаннан кейін сәлем дұғасын айтады да сүннет намазын оқуға тұрады.

Айша анамыздан (Алла оған разы болсын) келген хадисте:

كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا سَلَّمَ لَمْ يَقْعُدْ إِلَّا مِقْدَارَ مَا يَقُولُ اللَّهُمَّ أَنْتَ السَّلَامُ وَمِنْكَ السَّلَامُ تَبَارَكْتَ يَا ذَا الْجَلَالِ وَالْإِكْرَامِ

«Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) намаз оқып, сәлем бергеннен соң «Аллаһумма әнтәс-саламу уә минкәс-саламу тәбарактә йә зәл-жәләли уәл-икрам» айтатындай уақыт ғана отыратын еді», – делінген (Мұслим).

Намаздан соң оқылатын тәсбиhtar мен зікірлер

1. Имам парыз және сүннет намаздарын тәмәмдап, екі жаққа сәлем бергеннен кейін үш рет «Астағфирулла» деген сөзді, сосын сәлем дұғасын оқып бетін сипайды.

Сәубан (Алла оған разы болсын) былай риуаят етеді:

كَانَ إِذَا انصَرَفَ مِنْ صَلَاتِهِ اسْتَغْفَرَ اللَّهَ ثَلَاثَ مَرَّاتٍ ثُمَّ قَالَ اللَّهُمَّ أَنْتَ السَّلَامُ وَمِنْكَ السَّلَامُ تَبَارَكْتَ يَا ذَا الْجَلَالِ وَالْإِكْرَامِ

«(Алланың Елшісі) намазды аяқтаған соң үш рет истиғфар кәлимасын, сосын «Аллаһумма әнтәс-саламу уә минкәс-саламу тәбарактә йә зәл-жәләли уәл-икрам» деп айтатын еді» (Мүслим).

2. Кейін имам бұрылып, жамағатқа қарап отырады.

Сәмура ибн Жундуб (Алла оған разы болсын) былай хабар жеткізеді:

كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا صَلَّى صَلَاةً أَقْبَلَ عَلَيْنَا بَوَّجْهِهِ

«Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) намазды оқып болған соң бізге жүзін бұрып отыратын еді» (Бұхари).

3. Жамағатқа қарап мына тәсбиhtы оқиды:

سُبْحَانَ اللَّهِ وَالْحَمْدُ لِلَّهِ وَلَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَاللَّهُ أَكْبَرُ، لَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ الْعَلِيِّ الْعَظِيمِ، مَا شَاءَ اللَّهُ كَانَ وَمَا لَمْ يَشَأْ لَمْ يَكُنْ

Мағынасы: Алла Тағала кемшілік атаулыдан пәк, мадақ Аллаға ғана тән, Алладан басқа құдай жоқ, Алла – аса ұлы! Күнә істерден қайтаруға күш беруші және құлшылық жасауға қуат сыйлаушы – Ол мәртебесі биік, ұлы Алла ғана. Алланың қалағаны болады. Ол қаламаған нәрсе болмайды.

4. Ағузу мен бисмилләні айтып «Аятул Күрсиді» оқиды.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

مَنْ قَرَأَ آيَةَ الْكُرْسِيِّ دُبُرَ كُلِّ صَلَاةٍ مَكْتُوبَةٍ لَمْ يَمْنَعْهُ مِنْ دُخُولِ الْجَنَّةِ إِلَّا الْمَوْتُ

«Кімде-кім әр парыз намаздың артынан Аятул Күрсиді оқыса, оның жәннатқа кіруіне өлім ғана кедергі болады» (Нәсаи).

5. Тәспі тартып тәухид калимасын оқиды.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

مَنْ سَبَّحَ اللَّهَ دُبُرَ كُلِّ صَلَاةٍ ثَلَاثًا وَثَلَاثِينَ وَحَمِدَ اللَّهَ ثَلَاثًا وَثَلَاثِينَ وَكَبَّرَ اللَّهَ ثَلَاثًا وَثَلَاثِينَ فَتِلْكَ تِسْعَةٌ وَتِسْعُونَ وَقَالَ تَمَامَ الْمَانَةِ «لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ، وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ» غُفِرَتْ خَطَايَاهُ وَإِنْ كَانَتْ مِثْلَ زَبَدِ الْبَحْرِ

«Кімде-кім әр намаздан соң 33 рет «Субханаллаһи», 33 рет «Әлхамду лилләһи», 33 рет «Аллаһу әкбару» десе, бәрін қосқанда тоқсан тоғыз болады, жүзінішісінде «Лә иләһа илләллаһу уахдаһу лә шәрика ләһу, ләһул-мулку уә ләһул-хамду, уә һуа әлә кулли шәййін қадир» деп айтса, теңіз толқынының көбігіндей күнәсі болса да кешіріледі» (Мүслим).

6. Сосын екі қолын кеуде тұсына көтеріп, алақанын жайып, намазының қабыл болуын сұрап дұға етеді.

Әбу Үмәмә (Алла оған разы болсын) мынадай дерек жеткізеді:

قِيلَ لِرَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَيُّ الدَّعَاءِ أَسْمَعُ قَالَ جَوَّفَ اللَّيْلِ الْآخِرَ وَدُبُرَ الصَّلَوَاتِ الْمَكْتُوباتِ

«Бір кісі: «Уа, Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қандай дұға тез қабыл болады?» – деп сұрады. Сонда ол: «Түннің соңғы бөлігінде және парыз намаздарынан кейін жасалған дұға», – деп жауап берді» (Тирмизи).

7. Әдетте біздің өлкелерде намаздан соң мына дұға оқылады:

اللَّهُمَّ تَقَبَّلْ مِنَّا صَلَاتَنَا وَصِيَامَنَا وَقِيَامَنَا وَقِرَاءَتَنَا وَرُكُوعَنَا وَسُجُودَنَا وَقُعُودَنَا
وَتَسْبِيحَنَا وَتَهْلِيلَنَا وَتَخَشُّعَنَا وَتَضَرُّعَنَا، اللَّهُمَّ تَمِّمْ تَقْصِيرَنَا وَتَقَبَّلْ تَمَامَنَا وَاسْتَجِبْ
دُعَاءَنَا وَاعْفِرْ أَحْيَاءَنَا وَارْحَمْ مَوْتَانَا يَا مَوْلَانَا، اللَّهُمَّ احْفَظْنَا يَا فَيَاضُ مِنْ جَمِيعِ الْبَلَايَا
وَالْأَمْرَاضِ، اللَّهُمَّ تَقَبَّلْ مِنَّا هَذِهِ الصَّلَاةَ (الْفَرَضَ مَعَ السُّنَّةِ) مَعَ جَمِيعِ نُقْصَانَاتِهَا، بِفَضْلِكَ
وَكَرَمِكَ وَلَا تَضْرِبْ بِهَا وَجُوهَنَا يَا إِلَهَ الْعَالَمِينَ وَيَا خَيْرَ النَّاصِرِينَ، تَوَفَّنَا مُسْلِمِينَ وَأَلْحِقْنَا
بِالصَّالِحِينَ، وَصَلَّى اللَّهُ تَعَالَى عَلَى خَيْرِ خَلْقِهِ مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِهِ وَأَصْحَابِهِ أَجْمَعِينَ

Мағынасы: *Уа, Алла, біздің намазымызды, оразамызды, қиямымызды, қирағатымызды, рукуғымызды, сәждемізді, қағдамызды, тәсбихымызды, таһлилімізді, ықыласымызды және дұғамызды қабыл ет! Уа, Алла, кемшіліктерімізді толықтырып, гибадатымыз бен дұғамызды қабыл ет! Уа, Жаратушы Иеміз—Алла, тірілерімізді жарылқа, өлілерімізді рақым ет! Уа, рақым етуші Алла, бізді түрлі пәле-сырқаттан сақта! Уа, Алла, бізден осы парыз және сүннет намаздарды Өзіңнің кеңшілігіңмен қате-кемшіліктерін толықтырып қабыл ет! Уа, бүкіл әлемнің тәңірі, ең жақсы жәрдеміші, Алла, қияметте намаздарымызды бетімізге лақтырма (кері қайтарма), бізді дүниеден мұсылман халде өтіп, салиқалы жандармен бірге тірілуді нәсіп ет! Жаратылыстың ардақтысы Мұхаммедке, оның отбасына және барша сахабаларына Алла Тағаланың мейірімі болсын!*

Бұдан басқа дұғаларды да оқыса болады. Арабша дұға ету міндет емес.

8. Дұға еткенде қолын кеуде тұсына көтереді, қолтығын ашық тұтады, шарасыз адамның тағам сұрағаны секілді екі алақанын біріктіріп жайып тұрады. Басын аспанға қарай көтермейді.

Әнас ибн Малик (Алла оған разы болсын) былай деген:

رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَرْفَعُ يَدَيْهِ فِي الدُّعَاءِ حَتَّى يَرَى بَيَاضَ إِبْطَيْهِ

«Алла Елиісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дұға жасағанда қолтығын ашқан күйде екі қолын көтеретін еді» (Мұслим).

Дұға етіп болғаннан кейін екі алақанымен бетін сипайды.

Омар ибн Хаттаб (Алла оған разы болсын) былай деген:

كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا رَفَعَ يَدَيْهِ فِي الدُّعَاءِ لَمْ يَرُدَّهُمَا حَتَّى يَمْسَحَ بِهِمَا وَجْهَهُ

«Алла Елиісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дұға жасайтын кезде екі қолын көтеріп, алақандарымен бетін сипамай түсірмейтін еді» (Тирмизи).

9. Дұға шарифатта көрсетілген талапқа және әдепке сай жасалу керек. Имам дұғаны Аллаға мақтау айтумен, Пайғамбарға салауат жолдаумен бастап, оны салауатпен аяқтайды. Алланың көркем есімдерін айтып дұға етуге де болады. Дұға еткенде естушілер «әмин» деп тұрады. Дұғаны барынша қысқа әрі мазмұнды жасаған дұрыс.

10. Құран Кәрімнің кез келген сүре-аяттарын оқып, сауабын өткен марқұмдарға бағыштайды.

Ұқба ибн Амир (Алла оған разы болсын) былай деген:

أَمَرَنِي رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنْ أَقْرَأَ بِالْمَعْوَذَتَيْنِ فِي دُبُرِ كُلِّ صَلَاةٍ

«Алла Елиісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әрбір намаздан кейін маған Фалақ пен Нәс сүрелерін оқуымды бұйырды» (Әбу Дәуіт).

Біздің өлкелерде бұрын таң намазынан соң Ясин, бесіннен кейін Фатх, екінтінің соңында Нәба, құптан намазынан соң Мүлік сүрелері оқылатын болған.

11. Салауат оқып, сауабын Пайғамбарымыз Мұхаммедке (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бағыштап,

қияметте оның шапағатын сұрап дұға ету – абзал (игі іс). Бірінші салауатты имам дауыстап айтады, қалғанын іштей оқи береді. Жамағат та имаммен бірге іштей салауат оқиды.

Салауат:

اَللّٰهُمَّ صَلِّ عَلٰى مُحَمَّدٍ وَعَلٰى آلِ مُحَمَّدٍ وَسَلِّمْ

Мағынасы: *Уа, Алла, Мұхаммедке және Мұхаммедтің отбасына салауат пен сәлем болсын!*

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

كُلُّ دُعَاءٍ مَّحْجُوبٍ حَتَّى يُصَلَّى عَلَى مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

«Мұхаммедке (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айтылмай, әрбір дұғаның (қабыл болуы) тоқтап тұрады» (Табарани, Бәйһақи).

12. Ақшам намазынан соң тәспі тартып, дұға етумен ғана шектелуге болады.

13. Таң намазынан соң оқылатын тәсбих және зікірлерді бітіріп, имаммен бірге қалаған кісілер күн шыққанға дейін мешітте қалып, қырық парыз, алты калима, иман мүжмәл, иман муфассал және құныт дұғаны оқығаны абзал. Оны имам немесе жамағат ішінен білетін бір кісі оқиды.

14. Намаздан кейін жамағатпен қол беріп амандасу шариятқа қайшы емес.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

مَا مِنْ مُسْلِمَيْنِ يَلْتَقِيَانِ فَيَتَصَافَحَانِ إِلَّا غُفِرَ لَهُمَا قَبْلَ أَنْ يَفْتَرَقَا

«Екі мұсылман кездесіп, қол беріп амандасса, екеуі тарқамай тұрып олардың күнәлары кешіріледі», – деген (Әбу Дәуіт, Тирмизи).

Ханафи мәзһабының «Раддул-мухтар» кітабында: «Дұрар», «Кәнз», «Уиқая», «Нуқая», «Мәжмағ», «Мұлтақа», т.б. кітап-

тарда жалпы қол беріп амандасу екінті намазынан кейін болса да рұқсат екендігі көрсетілген.

Жұма намазын өткізу тәртібі

1. Жұма намазы бесін намазының уақытында оқылады.

Әнас ибн Малик (Алла оған разы болсын) былай деген:

أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُصَلِّي الْجُمُعَةَ حِينَ تَمِيلُ الشَّمْسُ

«Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жұма намазын күн ауған кезде оқитын еді» (Бұхари).

2. Жұма күні мешітте уағыз айтуды бастаудан бұрын Кәһф сүресін толық оқып, сауабын бағыштап дұға етеді.

3. Жұма уағызы мемлекеттік тілде (қазақ тілінде) айтылу керек. Имам жұма уағызын белгіленген уақытта аяқтап, азанның кешіктірмей айтылуын ескереді.

4. Жұма намазына екі рет азан шақырылады. Екінші азан біріншісінен бәсеңдеу дауыспен әрі жылдамырақ айтылады.

5. Бірінші азанды шақырғаннан кейін алғашқы төрт ракағат сүннет намазы оқылады. Сүннет намазын оқығаннан соң азаншының дауыстап «Ускуту, рахимакумулла» (Тыныштық сақтаңдар, Алла сендерді рақым етсін) деп айтуы – мұстахап.

6. Содан кейін имам мінберге қарай барып, оң аяқпен асықпай көтеріледі. Бірінші баспалдаққа оң аяғын, сосын сол аяғын қояды. Кейінгі баспалдаққа да солай көтеріледі. Жоғары шығып, қолына таяқты алып, жамағатқа қарап отырады. Сәлем бермейді.

Ибн Нүжәймның *«Бахрур Райық»* кітабында: *«Имам мінберге шығып, намазды бастағанға дейін сәлем беру мен сөйлеуді тоқтатады»,* – делінген.

7. Имам мінберге шыққаннан кейін, жамағат тыныштық сақтауы тиіс. Сәлем беруі немесе сәлем алуы, нәпіл намаз оқуы дұрыс болмайды. Тіпті, құтпада Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) аты оқылса, жамағат салауатты іштей айтады.

8. Азаншы имамның қарсысында тұрып, екінші азанды шақырады. Азан аяқталған соң имам орнынан тұрып, екі қолымен таяқты ұстап, қирағатпен құтпа оқиды. Бір қолымен таяқты, екінші қолымен мінберді ұстап тұрса да болады.

9. Екі құтпа оқылады. Бірінші құтпада Аллаға мақтау, салауат, өсиет және аят оқылса, екінші құтпада аяттың орнына дұға жасалуы тиіс.

10. Құтпаның сүннеттері он бес:

1) дәретті болу;

2) тік тұру;

3) жамағаттың имамға қарап отыруы;

4) құтпаны бастамас бұрын, іштей «Ағузу» айту;

5) құтпаны жамағатқа естіртін айту;

6) Аллаға хамд айтумен бастау;

7) Алланы лайықты сөздермен ұлықтау;

8) екі куәлік (шаһадат) сөздерін айту;

9) салауат оқу;

10) насихат айту;

11) үш қысқа аят немесе бір ұзын аят мәлшерінде Құран оқу;

12) екінші құтпада Аллаға хамд-сана айтуды және салауат оқуды қайталау;

13) мұсылмандарға көбірек дұға ету;

14) құтпаның ұзақтығы бір ұзын сүре мөлшеріндей болу (ұзақ құтпа оқу – макруһ);

15) екі құтпа арасында үш аят немесе ұзын бір аят оқытындай уақыт отыру (онда дұға оқып бет сипамайды) («Фатәуа хиндия» 1/207 бет).

11. Имам құтпаны оқып бітіргеннен кейін азаншы қысқа үш аят оқытындай уақыт кідіріп, сосын қамат айтады.

12. Имам тәкбір айтып екі ракағат жұма намазын бастайды. Жұма намазы дауыстап оқылады. Фатихадан кейін қалаған сүрені оқиды. Құтпаны да, намазды да бір адам өткізгені дұрыс.

13. Жұма намазының парызынан соң төрт ракағат сүннет оқылады. Жұма намазынан бұрын және кейін төрт ракағат сүннет намазы туралы Абдулла ибн Масғұд (Алла оған разы болсын) былай деген:

أَنَّهُ كَانَ يُصَلِّي قَبْلَ الْجُمُعَةِ أَرْبَعًا وَبَعْدَهَا أَرْبَعًا

«Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жұмадан алдын да, кейін де төрт ракағат (сүннет намазын) оқитын еді» (Тирмизи).

14. Сүннет намазынан соң имам тәсбих тартып намаздың қабыл болуын тілеп дұға етеді. Сосын қысқа Құран аятын оқып, сауабын өткен марқұмдарға бағыштап дұға жасалады.

15. Әйел кісілерге жұма намазына қатысу міндет емес. Олар үйлерінде бесін намазын оқыса болады. Ал мешітке келіп, жұма намазын оқыған жағдайда бесін намазын оқу міндеті мойнынан түседі.

Айт намазын өткізу тәртібі

1. Ораза мен құрбан айт және жұма намаздарының шарттары бірдей. Бірақ айт намазында құтпа оқу сүннет және ол намаздан соң оқылады.

2. Айт намазын оқу уақыты күннің көкжиектен найза бойындай көтерілгеннен, яғни күн шыққаннан кейін шамамен 40 минут өткеннен кейін басталып, күн ауғанға дейін жалғасады.

3. Айт намазы екі ракағаттан тұрады. Жамағатпен жария түрде оқылады. Азан мен қамат айтылмайды. Айт намазының басталуын білдіру үшін азаншы екі-үш рет дауыстап «Саффән саффә» (Сапты түзендер) деп айтса болады.

4. Екі айт намаздың оқылу тәртібі былай: Ниет еткеннен соң тәкбір айтып, қолдарын байлайды да сана оқиды. Одан кейін үш рет тәкбір айтып, үш рет қолдарын құлақ тұсына көтереді. Әр екі тәкбірдің арасында үш тәсбих мөлшерінде кідіріп тұрады. Сол тәкбірлердің арасында қолдарын байламайды, төмен түсіреді. Одан кейін имам дауыстап Фатиха сүресімен бірге тағы бір сүре оқиды. Рукуғ, екі сәжде жасап, екінші ракағатқа тұрғаннан кейін имам тағы Фатиха және бір сүре оқиды. Одан соң рукуғке иілместен бұрын үш рет қолдарын құлақ тұсына көтеріп, тәкбір айтады. Сосын тағы бір тәкбір айтып, рукуғке барады. Рукуғ, екі сәжде жасаған соң қағдаға отырып, сәлеммен намазын бітіреді.

5. Екі жаққа сәлем бергеннен кейін имам бірден мінберге көтеріледі. Қолына таяқты ұстап, құтпа оқиды. Екі құтпа арасында кішкене отырады.

6. Ораза айт құтпасында тәкбір, тәсбих, тәһлил, тәмхид және салауат оқиды. Бірінші құтпаны бастағанда тәкбірді тоғыз рет, екінші құтпада жеті рет оқу – мұстахап.

7. Құрбан айт құтпасында имам тәкбір және тәсбих айтады, уағыз-насихат айтып, адамдарға құрбандық үкімдерін және ташриқ тәкбірлерін айтуды түсіндіреді.

8. Арапа күнінің таң намазынан бастап, құрбан айттың төртінші күнінің екінті намазына дейін (парыз намазында екі жаққа сәлем бергеннен кейін) бірден ташриқ тәкбірін айтады.

Ташриқ тәкбірі:

اللَّهُ أَكْبَرُ اللَّهُ أَكْبَرُ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَاللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ وَاللَّهُ الْحَمْدُ

Тәкбірді үш рет айтқан дұрыс.

Жаназа намазын оқу тәртібі

1. Мәйітті жуындырып, кебіндеп болған соң, жаназа намазын оқуға алып шығады. Мәйіттің оң жағы құбылаға қаратып қойылады.

2. Имам жаназаға жиналған адамдардың алдында қысқа уақыт уағыз-насихат айтады, мәйіттің қарызы болса, оны өтеу жолдарын жеткізеді. Мәйіт үшін Алладан кешірім сұрайды, жаназа намазын оқу тәртібін түсіндіреді.

3. Сосын имам саптың түзу болғанын қадағалайды. Намазға тұрған адамдардың қатары үш, бес немесе жеті секілді тақ болуы – мұстахап. Имам жамағаттан ілгері, мәйіттің кеуде тұсында тұрып, жаназа намазын бастайды.

4. Әуелі жаназа намазын оқуды ниет етеді. Одан кейін тәкбір айтып, екі қолын көтеріп, құлақ сырғалығына тигізеді. Кейін қолдарын байлап, кіндік астына қояды. Одан соң сана оқиды да, екінші тәкбірді айтады. Сосын салауат оқып, артынан үшінші тәкбірді айтады. Одан соң мына дұғаны оқиды:

اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِحَيَّتِنَا وَمَيِّتِنَا وَشَاهِدِنَا وَغَائِبِنَا وَصَغِيرِنَا وَكَبِيرِنَا وَذَكَرْنَا وَأُنْثَانَا، اللَّهُمَّ مَنْ أَحْيَيْتَهُ مِنَّا فَأَحْيِهِ عَلَى الْإِسْلَامِ وَمَنْ تَوَفَّيْتَهُ مِنَّا فَتَوَفَّهُ عَلَى الْإِيمَانِ، اللَّهُمَّ إِنْ كَانَ مُحْسِنًا فَزِدْ فِي إِحْسَانِهِ وَإِنْ كَانَ مُسِيئًا فَتَجَاوَزْ عَنْهُ

Қайтыс болған кісі әйел болса, былай дұға оқылады:

اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِحَيَّتِنَا وَمَيِّتِنَا وَشَاهِدِنَا وَغَائِبِنَا وَصَغِيرِنَا وَكَبِيرِنَا وَذَكَرْنَا وَأُنْثَانَا، اللَّهُمَّ مَنْ أَحْيَيْتَهَا مِنَّا فَأَحْيِهَا عَلَى الْإِسْلَامِ وَمَنْ تَوَفَّيْتَهَا مِنَّا فَتَوَفَّهَا عَلَى الْإِيمَانِ، اللَّهُمَّ إِنْ كَانَتْ مُحْسِنَةً فَرِّدْ فِي إِحْسَانِهَا وَإِنْ كَانَتْ مُسِيئَةً فَتَجَاوَزْ عَنْهَا

Мағынасы: *Уа, Алла, тірімізді, өлімізді, барымызды, жоғымызды, кішімізді, үлкенімізді, ерлерімізді, әйелдерімізді жарылқа! Уа, Алла, Сен кімге өмір берсең, оны мұсылман ет, кімнің жанын алсаң, оны иманмен ал! Уа, Алла, егер бұл мәйіт жақсы кісі болса, онда оның жақсылығын арттыр, егер ол жаман кісі болса, жамандығын жасыр!*

5. Балиғат жасына толмаған бала болса, үшінші тәкбірден кейін мына дұға оқылады:

اللَّهُمَّ اجْعَلْهُ لَنَا فَرَطًا وَاجْعَلْهُ لَنَا أَجْرًا وَذُخْرًا وَاجْعَلْهُ لَنَا شَافِعًا وَمُشَفَّعًا

Сәби қызға мына дұға оқылады:

اللَّهُمَّ اجْعَلْهَا لَنَا فَرَطًا وَاجْعَلْهَا لَنَا أَجْرًا وَذُخْرًا وَاجْعَلْهَا لَنَا شَافِعَةً وَمُشَفَّعَةً

Мағынасы: *Уа, Алла, бұл нәрестені біз үшін алдымыздан шығатын жақсылық әрі игілік, шапағат етуші әрі шапағаты қабыл болатындардан ет!*

6. Одан кейін төртінші тәкбірді айтып, екі жаққа сәлем береді. Сөйтіп, жаназа намазы аяқталады.

7. Сәлем бергеннен кейін қолын түсіреді. Имам төрт тәкбірді де дауыстап айтады, дұғаларды іштей оқиды. Бірінші тәкбірді айтқанда қолын көтеріп, құлақ сырғалығына тигізеді, басқа тәкбірлерде қолын да, басын да көтермейді.

8. Жаназа намазы біткеннен кейін мына дұға оқылады:

رَبِّ اغْفِرْ لَنَا وَلِهَذَا الْمَيِّتِ وَأَفْسَحْ لَهُ فِي قَبْرِهِ، اللَّهُمَّ زِدْ أَجْرَهُ وَلَا تُضِلَّنَا بَعْدَهُ

Мағынасы: *Уа, Раббым! Біздің де, бұл мәйіттің де күнәсін кешір, оның қабірін кең ет! Уа, Алла, оның сауабын арттыр,*

оның өліміне куә болғанымыздан кейін бізді жолдан адастыра көрме!

Тарауық намазын өткізу тәртібі

1. Рамазан айында мешітте құптаннан кейін, үтірден бұрын жамағатпен тарауық намазын оқу – бекітілген сүннет. Тарауық намазы 20 ракағаттан тұрады.

2. Тарауық намазын екі ракағаттан оқу – сүннет. Төрт ракағат етіп оқыса да болады.

3. Үтір намазы да жамағатпен оқылады. Имам тарауық намазы мен үтір намазының қирағатын дауыстап оқиды.

4. Тарауық намазының әр ракағатында Фатиха сүресінен соң қысқа сүре оқылады. Әдетте тарауық намазында зам сүреге Фил мен Нәс арасындағы он сүре оқылады. Алайда, рамазан айы біткенше Құранның басынан аяғына дейін толық бір рет оқып шығу (хатым ету) – сүннет.

5. Әр төрт ракағат оқылғаннан кейін төрт ракағат намаз оқитындай уақыт тынығып отыру – мұстахап. Сол кезде тәсбих немесе дұға оқиды.

6. Біздің өлкелерде әдетте әр төрт ракағат тарауық намазынан соң отырып үш реттен мына тәсбих оқылады:

سُبْحَانَ ذِي الْمَلِكِ وَالْمَلَكُوتِ، سُبْحَانَ ذِي الْعِزَّةِ وَالْعِظَمَةِ وَالْقُدْرَةِ وَالْكَرِيَاءِ
وَالْجَبَرُوتِ، سُبْحَانَ الْمَلِكِ الْحَيِّ الَّذِي لَا يَمُوتُ، سُبُّوحٌ قُدُّوسٌ رَبُّنَا وَرَبُّ الْمَلَائِكَةِ
وَالرُّوحِ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ نَسْتَغْفِرُ اللَّهَ، نَسْأَلُكَ الْجَنَّةَ وَنَعُوذُ بِكَ مِنَ النَّارِ

Мағынасы: Жердегі және аспандағы жаратылыстардың иесі – Алла әрқандай кемшілік атаулыдан пәк. Үстемдік, ұлықтық, құдірет және жоғары мәртебелік иесі – Алла әрқандай нұқсан атаулыдан пәк. Еш өлмейтін, мәңгі тірі, бүкіл әлемнің патшасы – Алла әрқандай айып атаулыдан пәк. Ол мін-кемшіліктерден пәк әрі таза, біздің әрі періштелердің

және Жәбірейілдің Раббысы, бір Алладан басқа құдай жоқ. Біз Алладан күнәларымыздың кешірілуін сұраймыз. (Уа, Жаратқан Алла!) Сенен жәннатты сұраймыз, Саған тозақ отынан құтқар деп сиынамыз.

7. Тарауық намазы аяқталған соң мына дұғаны оқиды:

اَللّٰهُمَّ صَلِّ عَلٰى مُحَمَّدٍ وَعَلٰى آلِ مُحَمَّدٍ وَسَلِّمْ، اَللّٰهُمَّ زَيِّنَا بِزَيْنَةِ الْاِيْمَانِ، وَشَرِّفْنَا بِشَرَفَةِ الْهُدَايَةِ وَالْعُرْفَانِ، وَاكْرِمْنَا بِصِيَامِ شَهْرِ رَمَضَانَ وَارْزُقْنَا الْجَنَّةَ وَالْغُفْرَانَ، وَتَقَبَّلْ مِنَّا تَرَاوِيحَنَا يَا سُبْحَانَ، وَاسْتَجِبْ دُعَائَنَا يَا حَنَّانُ، بِفَضْلِكَ وَجُودِكَ يَا مَنَّانُ، بِرَحْمَتِكَ يَا اَرْحَمَ الرَّاحِمِيْنَ

Мағынасы: Уа, Алла! Мұхаммедті және оның отбасын рақым етіп, оған амандық бер. Уа, Алла, бізді иман зейнетіне, тура жол және танымдық шарапатына бөле, рамазан айының оразасымен сыйла, бізге жәннатты нәсіп ет, күнәларымызды кешір. Уа, пәк Алла, біздің оқыған тарауық намазымызды қабыл ет. Уа, рақымды әрі бізге сұрамастан алдын ала беретін Алла, Өзіңнің кеңшілігіңмен әрі жомарттығыңмен біздің дұғамызды қабыл ет! Уа, аса рақымдылардың рақымдысы! Барлық жақсылық Сенің рақымыңмен ғана (жүзеге асады).

Истиска (тасаттық) намазын өткізу тәртібі

1. Бір жерге жаңбыр жаумай қуаңшылық болған кезде және оның егінге, жан-жануарларға кесірі тию қаупі туындағанда Алла Тағаладан жаңбыр сұрап, дұға ету мақсатында екі ракағат нәпіл намаз оқу – мұстахап. Халқымыз истиска намазын «тасаттық», яғни жауын тілеу намазы деп атайды.

2. Барлық мұсылмандар жиналып, дәрет алып, шарасыз күйде, мал-жандарын бірге алып, дала немесе қырға жаяу шығады. Намаз оқуға шықпастан бұрын үш күн ораза тұтып, садақа тарату игі іс.

3. Истиска намазы кең жерде оқылады. Имам уағыз айтады, күнәларына тәубе етіп, Алла Тағаладан кешірім сұрауға, араздасқандарды татуласуға шақырады. Сосын халық тәубе етеді, Құдайдан кешірім сұрайды, бір-бірімен татуласады.

4. Имам жамағатпен бірге айт намазы сияқты екі ракағат намаз оқиды, бірақ артық тәкбірлерді айтпайды.

5. Намаздан кейін адамдарға қарап, жерде тік тұрған халде таяқ ұстап, екі құтпа оқиды. Екі құтпа арасында кішкене отырады. Құтпада имам Аллаға дұға етеді, тәсбих айтады, мұсылмандар үшін кешірім тілейді.

6. Құтпаны оқып болған соң құбылаға қарап, истиска дұғасын оқиды:

اللَّهُمَّ اسْقِ عِبَادَكَ وَارْحَمْ بَهَائِمَكَ، اللَّهُمَّ أَمَرْتَنَا بِدُعَائِكَ وَوَعَدْتَنَا إِجَابَتَكَ فَقَدْ
دَعَوْنَاكَ كَمَا أَمَرْتَنَا فَأَجِبْنَا كَمَا وَعَدْتَنَا، اللَّهُمَّ إِنْ لَمْ تَرْحَمْ لَأَنْفُسِنَا لِكَثْرَةِ ذُنُوبِنَا فَارْحَمْ
صَبِيَّاتَنَا وَبَهَائِمَكَ

Мағынасы: *Уа, Алла, құлдарыңның шөлін қандыр, жануарларды рақым ет! Уа, Алла, бізге дұға етуді бұйырдың және оны қабыл етуді уәде еттің. Ендеше біз Сенің әміріңмен Саған дұға жасадық, уәдең бойынша оны бізден қабыл ет! Уа, Алла, күнәмыздың көптігімен бізді рақым етпесең де, бейкүнә жас балаларымыз бен жануарларды рақым ет!*

Бұдан басқа тағы қалағанынша дұға етеді, мұсылмандар үшін кешірім тілейді, тәубелерін жаңалайды, истиғфар айтады.

7. Құтпада да, дұға еткенде де адамдар құбылаға қарап үндемей отырады.

8. Жауын жаумаған жағдайда үш күнге дейін истиска намазына шығуға болады. Жаңбыр жауса, Аллаға шүкіршілік етеді.

Имамға қойылатын талаптар

Намаз өткізу үшін имам болатын кісіде мына шарттар табылу керек. Олар:

1. Ер адам болу (хунаса болмау).
2. Мұсылман болу.
3. Балиғат жасына жеткен болу. Балиғатқа толмаған баланың парыз намаздарға имам болып өтуі дұрыс емес.
4. Ақыл-есі дұрыс болу.
5. Қажетті мөлшерде Құранды жатқа білу. Сондай-ақ Құранды тәжвид ережесіне сай дұрыс оқи алу, әріптерді дұрыс шығара білу.
6. Намазды дұрыс атқара алатын болу.
7. Үзірі жоқ болу (тоқтаусыз жел шығу, денесінен қан ағу, зәрі тамып тұру сияқты үзірі бар адам имамдыққа өте алмайды).

Имамдыққа ең лайықты адам басшы (мүфти, найб мүфти, бас имам) болып табылады. Бірақ басшы өз орнына өзге біреуді тағайындай алады.

Сонымен қатар намаз өткізетін имамның киген киімі, келбеті сүннетке және әдепке сай болу керек. Атап айтқанда,

1. Жеңі ұзын, кеудесі жабық және белі ашылып қалмайтын киім кию. Үстіндегі киімінің түймелері толық қадалған болу. Шалбары да сәл кеңірек әрі тобықтан тым аспайтын болу.

Асма бинт Язид (Алла оған разы болсын): *«Алла Елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) киімінің жеңі білезігіне дейін ұзын еді»,* – деген (Тирмизи, Әбу Дәуіт).

2. Бас киіммен (сәлде, тақия) намаз оқу. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) және сахабалар

өздерінде қалыптасқан әдет-ғұрыпқа сай күнделікті өмірде бастарына бас киім киіп жүретін болған.

Абдулла ибн Аббастан (оған Алла разы болсын) жеткен хадисте:

اعْتَمُوا تَزَادُوا جِلْمًا

«Сәлде киіңдер, сонда сендерде мейірімділік пен парасаттылық қасиеттері артады», – делінген (Хаким, Табарани).

Имамның ақ сәлде, ұзын шапан киіп намаз өткізгені дұрыс. Шапанның жеңі кең, етегі тізесінен төмен болады. Намаз оқығанда сәлденің қаматы (артына түсіп тұратын ұшы) екі жауырын ортасына дейін түсіп тұрады.

كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا اعْتَمَّ سَدَلَ عِمَامَتَهُ بَيْنَ كَتِفَيْهِ

«Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сәлде орап кигенде қаматын екі жауырының ортасына түсіріп алатын еді» (Мүслим, Тирмизи).

3. Аяғына шұлық (нәски) немесе мәсі киіп намаз оқу.

4. Киімі жарасымды, кең әрі таза болу. Киімінде жазу, жанды заттың немесе жат сенімнің сүреті мен белгісі болмау.

5. Мұрты қысқартылған, шаш-сақалы реттелген болу, хош иіс себіну.

6. Мешіттен тыс жерлерде де имамның киген киімі, жүріс-тұрысы мен қызметтік этикеті талапқа сай болғаны жөн.

Қорытынды

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бұл құжатты қабылдаудағы мақсаты – мешіттерде жамағатпен намаз оқу тәртібін бірізділікке түсіру, жамағат арасында түрлі діни алауыздық пен талас-тартыстардың алдын алу, сондай-ақ ата-бабамыз ұстанып келген дәстүр негізінде діни мектебін қалыптастыру.

Сонымен қатар, ҚМДБ мешітке келген жамағаттың рухы жай табатын құлшылық сыйлауды, халықты Алланың ақиқат жолына шақырып, қоғамдағы адам игілігі үшін атқарылып жатқан барлық жұмыстарға және күнделікті тіршілік пен өмір сүру әрекеттеріне бағыт-бағдар беріп, теріс жолға түскендерге рухани жол сілтеп, жамағатты ынтымақ-бірлікке шақыруды көздейді.